




МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ

№2 жұмыс дәптері



АЛМАТЫ КІТАП

Ә.Б. Ақпаева, Л.А. Лебедева, Ф.Б. Кинжибаева

Математика негіздері

№2 жұмыс дәптері

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу
бағдарламасы бойынша мектепалды даярлық тобы (сыныбы)
(5 жастан бастап) балаларына арналған

Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрлігі ұсынған





АЛМАТЫ КІТАП БАСПАСЫ
2022

19

Бүтін және бөлік





1. Заттарды ата. Әр заттың қандай бөліктері бейнеленген? Оларды көрсет. Сен апельсиннің қандай бөліктерін көріп тұрсың? Шаршының бөліктеріне қара. Шаршы қағаз алып, оны осындай бөліктерге қи. Шаршы жинап көр.










2. Бүтін мен бөліктің үстінен саусағыңмен жүргіз.



3. Бәліштің бөліктерін тап. Оларды ата. Қай бөлігі үлкен, салыстыр.



4. Бүтінді бөліктерге бөл. Оларды жапсыр.









20

Артық, кем, тең






1. Саны бірдей заттар тобын тауып, оларды сызып қос. Санын жаз.







2. Заттарды жұбымен сызып қос. Сана және салыстыр.
Қандай заттар санына қарай тең?




3. Бөліктерді санап, оларды сәйкес цифрмен сызып қос.
Бөлігі көп суретті әртүрлі түске боя.



4

7

9





21



10 көлемінде тура және кері санау



1. Суретке қара. Қандай вагондардың нөмірі жоқ? Жаз.






2. Сурет бойынша балалар не істеп жүргенін әңгімелеп бер. Төбешікте неше бала тұрғанын сана. Оларға неше бала көтеріліп бара жатыр? Төбешікте барлығы неше бала болады? Төбешікте неше бала төмен сырғанады? Төбешікте нешеуі қалды?









3. Суреттерде не бейнеленген, сана және ата.
Мысалдар құрастырып, оларды шығар.



4. Вагондарды боя. Сен әр қатардан неше вагон боядың?
Әр қатарда неше вагоннан болды?




22



Заттар тобын салыстыру және санау



1. Суретке қара. Алмаларды әр себетпен сызып қос. Не артық?
Не кем?




Алмұртты әр тәрелкемен сызып қос. Қорытынды жаса.







2. Гүлдерді 3-тен, араларды 2-ден топтастыр. Неше топ болды?



3. Суретте неше гүл болса, сонша торкөзді боя. Қандай гүлдер артық? Қай гүлдер тең?







23


Заттың бірнеше тең бөліктері



1. Бүтін мен бөліктердің үстінен саусағыңмен жүргіз. Оларды ата.








2. Қандай бөлігі жетіспейді? Суретті аяқтап сал. Суреттерді штрихта.






3. Фигураның бөліктерін бүтінге біріктіріп, сызып қос.



4. Жалғастыр. Моншақтарды бастырып сыз. Боя.









24

Қарапайым мысалдар мен есептерді шығару










1. Әр аквариумда неше балық бар, сана және ата. Есеп құрастыр.
Оны шығар.






2. Суреттерге қара. Неше жұлдызша қалды, сана. Цифрды жаз.




3. Балықтың жүзу бағытына қара. Көрсетілген бағытта торкөз бойымен жылжы. Сол торкөзді боя.




1 ↓

3 →



4 →

2 ↓



25

Шартты өлшем



1. Әр жұлдызқұртта қанша дөңгелек бар, сана. Сәйкес цифрмен сызып қос. Қай жұлдызқұрт ұзын? Көрсет.



6



4



3



5





2. Әр шөпте неше қанқыз бар, сана және ата. Қай шөп ұзын?












3. Жапырақтарды боя. Сана, барлығы қанша? Цифрды жаз.



7



4. Әр гномға өзінің қарындашын табуға көмектес. Оларды сызып қос. Тапқан қарындаштарды әр гномның қалпағының түсіне сәйкес боя.





26

Ұзын – қысқа, биік – аласа, кең – тар,
қалың – жұқа. Тең заттар



1. Өлшеуіштерді боя. Салыстыр.



ұзын – қысқа

биік – аласа



2. Суретке қара. Кең және тар жолды көрсет. Кең жолға жүк
мәшинені, тар жолға велосипедті жапсыр.



кең – тар

6





8

9

0







3. Суреттегі заттарға қара және ата. Заттарды ұзындығы бойынша орналастыр. Оларды жапсыр.



ұзын – қысқа



4. Ең қалын және жуан затты **қызыл**, жіңішке және жұқа затты **көк**, қалыңдығы және жуандығы бойынша бірдей затты **жасыл** түске боя.






27




Геометриялық фигуралар және денелер



1. Жануарлар қандай фигуралардан құрастырылғанына қара. Жапсыру үшін қандай фигуралар пайдаланылғанын ата.





2. Фигураларды тауып, шарды **қызыл**, текшені **көк**, цилиндрді **сары** түске боя.






3. Бөліштерді көрсетілген пішінге сәйкес келетін тағам түрлерімен безендір. Оларды жапсыр.



4. Фигуралар орындарын ауыстырғысы келді. Әр фигура қай торкөзде болатынын анықта. Суретін сал.




● 1 ↓ 2 → 1 ↓

▲ 2 ↓ 3 ←

● 2 ↓ 3 →

▲ 3 ← 2 ↓



28


Геометриялық пішіндегі заттар



1. Қолыңа текшені және шаршыны ал. Олардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Сен қандай айырмашылық барын байқадың?





Қолыңа шарды және дөңгелекті ал. Олардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Сен қандай айырмашылық барын байқадың?



Қолыңа цилиндрді және дөңгелекті ал. Олардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Сен қандай айырмашылық барын байқадың?





Бөлмеден осындай пішіндегі заттарды тауып, оларды ата. Олардың түсі қандай?











2. Суретке қарап, не бейнеленгенін ата. Заттар қандай пішінге ұқсайды? Сызып қос.



3. Заттарды көрсетілген түстерге сәйкес бастырып сыз:



Артық затты тауып, оны ата.





29


Не неге ұқсайды?




1. Әр топтан артық затты тап. Қоршап сыз.




2. Көрсетілген пішіндерге ұқсас заттарды жапсыр.



Көрсетілген пішіндерге ұқсас заттардың суретін сал.



3. Фигуралар орындарын ауыстырғысы келді. Әр фигураның орнын анықта. Фигураның суретін сал.



● 1 ↓ 2 → 1 ↓
 ▲ 2 ↓ 3 ←
 ● 2 ↓ 3 →
 ▲ 3 ← 2 ↓









1. Суретке қара. Бөлменің ортасында кім отырғанын айт. Оны қызыл қарындашпен қоршап сыз. Оң жақта алыстау бұрышта тұрғанды жасыл түспен қоршап сыз. Сол жақта жақындау тұрғанды көк түспен қоршап сыз. Қызғылт кофты киген қыз қайда тұрғанын айт.






2. Балық болуы мүмкін деген торкөзді боя.



3. Сана, әр фигурада қанша торкөз бар? Тиісті түспен боя.



5



6



7




8



9



10



31

Үстінде – астында, алдында – артында,
оң жақта – сол жақта












1. Суретке қара. Сөреде тұрған ойыншықтардың орналасуын айт. Маймыл қай сөреде отыр? Кітаптардың үстіңгі жағында қандай ойыншықтар тұр? Кітаптардың астыңғы жағында нелер тұр?






2. Мысалдарды шығар. Нүктелердің суретін сал.



3. Моншақтың суретін сандықшаның ішінде, сандықшаның астында, сандықшаның үстінде, сандықшаның сол жағында, оң жағында болатындай сал.




ішінде



астында



үстінде



сол жағында



оң жағында



Жыл мезгілдері. Жыл айлары



1. Жұмбақтарды шеш. Жұмбақтың шешуіне байланысты заттарды қоршап сыз: қыс – , көктем – , жаз – , күз – .



Гүл-гүл жайнап жер беті,
Гүрілдейді сайда өзен.
Гүлжазира жарасқан
Гүлдерімен қай кезең?



Күннің көзі шуақты,
Балалар жүр шомылып.
Көбелек қуып ойнайтын
Қай мезгіл деп ойлайсың?




Жиын-терін болатын,
Қамбаға астық толатын.
Жапырақтар сарғайып,
Қай мезгіл деп ойлайсың?




Шана зырғып желетін,
Шаңғы, коньки тебетін,
Аққала жасап ойнайтын,
Қай мезгіл деп ойлайсың?



(«Жыл мезгілі» кітабынан)



2. Жыл мезгілдері бойынша айларды ата.



3. Суреттерге қара. Мысалдар құрастыр. Оларды шығар.



33

Апта күндері. Тәулік бөліктері. Циферблат бойынша уақытты анықтау



1. Аптаның әр күні қыз немен айналысқанын айтып бер. Сен жексенбі күні не істегеніңді есіңе түсір. Дүйсенбі күні ше?





2. Сөйлемдерді тыңдап, сәйкестендіріп сызып қос.

Дүйсенбі күні күн ашық болды. Сәрсенбі күні қатты жел соқты. Бейсенбі күні бұлтты болды. Сенбі күні найзағай ойнады. Жексенбі күні жаңбыр жауды.




- 1 Дүйсенбі
- 2 Сәрсенбі
- 3 Сәрсенбі
- 4 Бейсенбі
- 5 Жұма
- 6 Сенбі
- 7 Жексенбі



- 6 7 8 9 0
3. Сағат неше болғанын анықта. Циферблатта қандай цифр жетіспейді? Жаз.



4. Суреттегі айырмашылықты тап. Қанша айырмашылық тапсаң, сонша дөңгелек сал. Суреттерді бірдей етіп жаса.




34




Таразы



1. Әртүрлі таразыларға қара. Таразылар тепе-тең болу үшін не істеу керекін айт.




2. Тепе-тең таразылардың суретін қоршап сыз. Өз таңдауыңды түсіндір.








6 7 8 9 0

3. Суретке қара. Гантельдерді ауырынан жеңіліне қарай сызып қос.



4. Суретке қара. Мысалдар құрастыр. Оларды шығар.





35


Өлшеу



1. Иінді таразыны ал немесе өзің жаса. Балалар оны қалай жасағанына қара. Таразыға тартып көр. Әр жұпта қайсысы ауырлау екенін ата. Оны боя.



2. Заттарды таразыға орналастыр. Оларды жапсыр.




6 7 8 9 0

3. Әр табақшадағы көгөніс пен жемісті сана. Санын жаз.











4. Графикалық диктант.



Нүктеден баста.

4 ↑, 2 ←, 2 ↑, 2 →, 1 ↑, 1 →, 2 ↓, 4 →, 1 ↑,
2 ←, 1 ↑, 3 →, 7 ↓, 1 ←, 2 ↑, 4 ←, 2 ↓, 1 ←.

Иттің бейнесі шықты ма? Оны боя.





36

Нені білеміз, нені жасаймыз




1. Есепте. Жауабын жапсыр.







2. Әр қатардағы жіп орамдарын сана. Тиісті цифрмен сызып қос.



5

4



2

3

3. Қанша  болса, сонша  -ты боя.

Қанша  болса, сонша  -ны боя.

Қанша  болса, сонша  -ді боя.



4. Шарларды кемпірқосақтың түсіндей түспен штрихта.

